

№9 Лекция тақырыбы: «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Түркі-мұсылман халықтарының зияткерлік элитасы мен Ресей империясының өзара байланыстары.
2. Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері.
3. Шілдедегі жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім.

1. Түркі-мұсылман халықтарының зияткерлік элитасы мен Ресей империясының өзара байланыстары. Жаңа кезеңде қазақ буржуазиясы мен ұлттық интеллигенция өкілдері отаршылдыққа қарап күресті басқарды. 1902 жылдардан бастап-ақ патша өкіметі күзетшілері қазақ халқы арасына таратыла басталған, астыртын өкіметке қарсы панисламдық рухтағы үндеулерді ұстай бастады. 1905 жылдың жазында азаттық қозғалысы жаңа сипат ала бастайды. Өлкеде жәрмеңкелердің ашылуына байналысты митингілер ұйымдастырылып, орыс, қазақ газеттері беттерінде саяси мақалалар көріне бастайды. Қарқаралы қаласы маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде 1905 жылы 25 июльде өткізілген Қазақ съезі Министрлер Кеңесінің төрағасына Петиция қабылдады. Негізгі талаптар төмендегі пунктерден құралды: орталық губерниялардан шаруаларды шетке қоныстандыруы тоқтату; қазақтарға жеке діни басқарма ұйымдастыру; цензураны жою; қазақ тілінде арнаулы іс-қағаздарын жүргізу; сайланбалы өкілетті соттар жүйесін енгізу; Мемлекеттік Думаны шақыру жобасын жасау кеңесіне қазақ депутаттарын қатынастыру.

XX ғасырдың бас кезінде қазақтар арасында петициялық қозғалыс елеулі түрде етек алды. Қазақ зиялылары өз халқының өмірлік маңызы бар шұғыл проблемаларын петициялар жолдау арқылы шешуге тырысып көрді. Ол петицияларда жер, дін, құқық, тіл және халыққа білім беру саласындағы алуан түрлі талаптар қойылды. Ондай петициялар 1902-1903 жылдары жазылып, жоғары билік орындарына жолдана бастаған еді. Алғашқы петициялар жолдаудың бастамашылары дін қызметкерлері (Ш.Қосшығұлұлы, Науан Хазрет, т.б.) болды. Оларда қазақ халқын христиан дініне енгізу саясатын тоқтату, мұсылман оқу орындарын құруға қажетті жағдайлар жасау, молдалардың қызметіне кең жол ашу жөнінде нақты талаптар қойылды. Уақыт өте келе жағдай өзгере түсті. Бірінші орыс революциясы жылдарында петициялар жазуды қазақ қоғамының сауатты, зиялы өкілдері өз қолдарына алды.

Петициялар уезд бастықтарына, әскери губернаторларға, генерал-губернаторларға, Ішкі істер министріне, тіпті Ресей императоры II Николайдың атына да жолдады. Отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемді әрі мазмұнды петициялардың бірі Қарқаралы петициясы болды. 1905 жылдың шілдесінде Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесінде қазақ халқының атынан император II Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді 42 қазақ қол қойды. Кейінірек оған Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петицияны жазуға және жіберуге белгілі саяси қайраткерлер Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев, Т.Нұрекенов т.б. белсене атсалысты.

Петицияда маңызды сұрақтарының бірі қазақ халқы өкілдерінің Ресей империясының заң шығарушы ең жоғары органы Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға

қатыстыру талаптары болды: «Мал шаруашылығымен айналысу қырғыздарды сайлауға қатысу құқығынан неге айыру тиіс? Сауда-саттық, егіншілік, балық аулау сияқты басқа да әр түрлі кәсіп түрлерімен айналысатындар ондай құқығынан айырылып отырған жоқ қой!..».

Мемлекеттік шенеуніктер жоғары билік органдарына талап-тілектер айтып, петиция жолдаушыларды барынша жек көрді. Мұны Семей облысы әскери губернаторы Галкин Дала генерал-губернаторының атына 1905 жылы 19 маусымда жазған хатынан көруге болады: «Қырғыздардың петиция жолдап, талап қоюларына жол беруге болмайды»

Петицияның бір нұсқасын Темірғали Нұрекенов орыс тіліне аударып, Ішкі істер министрінің атына жіберді. Петицияның бұл нұсқасы барынша толық еді. Ол 47 тармақтан тұратын. Петицияның мазмұны қазақ қоғамының ХХ ғасырдың бас кезіндегі өмірлік маңызы бар күрделі проблемаларын толық қамтыды: сайлауды ұйымдастыру, жер, дін, сот ісін жүргізу, білім, т.б

Жоғары билік органдарына жолданған петицияларда болыстарды, ауыл старшындарын және олардың хатшыларын тек сауатты қазақтардан ғана тағайындау ұсынылды. Бұл қызметіне кірісер алдында олардың бәрі ант қабылдап, ешқашан қызмет бабын пайдаланып, халыққа қиянат жасамауға уәде етуге тиісті болды. Шаруа бастықтарының орнына бітістіруші судьялар қызметін енгізу талап етілді. Петиция авторларының пікірі бойынша, бұл қызметке жеткілікті дәрежеде сауаты мен білімі бар қазақтар тағайындалуы тиіс. Сайлау науқаны кезінде мүдделі топтардың арасындағы күрес пен алауыздықты болдырмау мақсатымен де кейбір шаралар ұсынылды.

Қазақтар петицияда өздерінің діни істеріне басшылық етуді 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформалар барысында енгізілген Орынбор діни басқармасының қарамағына беруді талап етті. Сондай-ақ, қазақтар мешіттер мен медреселер салуына еркіндік берілуін, газеттер пен кітаптар, діни әдебиеттер басып шығару үшін баспаханалар ашылуын өтініш ретінде ұсынды. Меккеге қажылыққа емін-еркін барып келуді, қазақ ауылдарына христиан дінін таратушы миссионерлердің баруына тыйым салуды талап етті. Жасы кәмілетке жетпеген қазақ жастарының басқа дінді қабылдауына тыйым салу талабы да қойылды.

Петицияда медреселерде араб, парсы, түрік тілдерін оқыту қажеттілігі айтылады. Сондай-ақ ескі мешіттерді жөндеуден өткізуге және жаңа мешіттер мен медреселер салуға қаржы бөлуді өтініш ретінде ұсынды. Әр болыста діни алым-салықтарды жинайтын арнаулы адамдардың болуы, түскен мал мен қаржыны кедей отбасынан шыққан шәкірттердің оқуына жұмсау көзделді.

Петицияларда мектеп қабырғасында ислам діні негіздерінің міндетті түрде оқытылуы, «орысша сауат ашуды» содан кейін қолға алу талабы қойылды. Петицияда мектептерде христиан дінін оқытуға үзілді-кесілді қарсылық білдірілді. Қазақ халқына «бастық болғысы келгендердің қырғыз (қазақ – авт.) тілін білуі тиіс» екендегі атап көрсетілді. Петицияда қазақ өлкесінде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізу талап етілді.

Тергеулер мен сот ісі аудармашыларсыз қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту талаптары қойылды. Барлық хатшылар мен күзетшілер жергілікті өңірден тағайындалуы тиіс. Петицияны құрастырушылар бастауыш сыныптарда қазақ балаларын өз ана тілінде оқытуды талап етті.

Петиция авторлары дала тұрғындарын сот, тергеусіз әкімшілік жолмен жер аудару ісіне наразылық білдірді. Дала генерал-губернаторы қазақтарды кез келген болмашы мәселе бойынша да жер аударып жіберуге құқықты еді. Неке және отбасы мәселелерін әскери губернатор мен уезд бастықтарының қарауынан алып, бітістіруші сот құзырына беру талап етілді. Кісі өлімі болған жағдайда айыпты адамның жазаға тартылуымен қатар қазақтардың дәстүрлі құқық заңы бойынша күн төлетуге өтініш білдірілді. Округтік соттың жанында міндетті түрде ақылдастар алқасы болуы тиіс деп атап көрсетілді. Сондай-ақ, айыпталушының міндетті түрде қорғаушысы болуы, билер сотының жергілікті отаршылдық билік орындарына емес, Әділет министрлігінің қарамағына өтуі талап етілді.

XX ғасырдың бас кезінде жер мәселесі одан әрі шиеленісе түсті. Сондықтан да петицияларда бұл мәселеге ерекше зор көңіл бөлінді. Шекара шебіндегі ені он шақырымдық алқаптың және соңғы 20 жыл ішінде тартып алынған жерлердің өзінің бұрынғы заңды иелеріне қайтарып берілуі талап етілді. Ал қазақтардың бұған дейін көшіп-қонып жүрген аумақтарындағы басы артық жерлер Кавказ бен Ресейден қоныс аударып келетін мұсылмандарға ғана берілуі ұсынылды. Қыстаулар мен жазғы жайлаулар өздерінің бұрынғы иелерінің қарауында қала беруі тиіс деп көрсетілді.

Петицияларда қазақтардың орман байлығын еркін пайдалану құқығына байланысты талаптар да қойылды. Сондай-ақ қазақтарға олардың көші-қон аймағындағы тұзды және балық өсетін көлдерді қайтарып беру жөніндегі өтініштер де айтылды. Жергілікті халықтың атынан сенімді адамдары арқылы көлдерді жалға беру мүмкіндіктері де қарастыруға ұсынылды. Түскен қаржыны халыққа азық-түлік қорын жинақтауға тиіс деп көрсетілді.

Сонымен, петициялар беру, соның ішінде Қарқаралы петициясы, XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси өміріндегі аса маңызды неғұрлым өткір проблемалары нақты да қысқаша тұжырымдалған түрде баяндалды.

Патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Петициялардың мәтінін жазғандар батылдық пен ұйымшылдықтың үлгісін танытты. Бірақ патша үкіметі петицияларда қойылған талаптарды орындауға құлық таныта қойған жоқ. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатына сай келмейтін еді. Солай бола тұрса да петициялық қозғалыс жағымды рөлін атқарды – қазақтар Ресейдің I, II Мемлекеттік Думаларына депутат болып сайланды.

Халық бұқарасына басшылық етуде, отаршыл билік орындарына ұйымдасқан түрде петициялар жолдаудың басы-қасында қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері Ә.Бөкейхан жетекшілігімен ерекше белсенділік көрсетті.

Қарқаралы петициясының негізгі тармақтары Алаш партиялық бағдарламасына енгізілді және Алаш Орда үкіметінің қызметінен көрініс тапты.

Дәл осы уақытта қазақ депутаттары 1905—1906 жылдары Бүкілресейлік мұсылман съездері жұмысына қатысты. Қазақ депутаттарының бірі Шахмардан Қожағұлұлы “Иттифақ-аль-Мусдумин” (“Мұсылмандар Одағы”) партиясының Президиум мүшесі болып сайланды. 1905 жылдан бастап мұсылман баспасөздерінде және орыс оппозициялық баспаларында қазақ авторларының саяси мақалалары шыға бастайды.

1905 жылдың соңында Орал қаласында Бірінші Жалпы — қазақ съезі болып өтті, мұнда қазақтың ұлттық саяси партиясын құру мақсаты алға қойылды. Қазақ партиясы кадет партиясының филиалы ретінде, бірақ өлкенің тұрғылықты халқының мүддесін қорғау негізінде болуы керек делінде. Ұлт-азаттың күрес басында қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдері тұрды. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулат, Бақытжан Қаратай, Мұхаметжан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсын және т.б.

Қазақ оппозициясының бірігуінен қорыққан патша өкіметі, олардың жетекшілеріне қарсы жазалау, құдалауды күшейтті. 1906ж. қаңтарында Семей қаласында II-жалпы қазақ съезін ұйымдастыруға аттанған Әлихан Бөкейхан тұтқындалды. Осыған қарамастан съезд өзі жұмысын ақпан айында өткізіп, мұның жұмысына 150 делегат қатысты. Съезде ресей кадеттерінің жоспары мақұлданып, мұндағы Қазақстан жерінің қазақ халқының меншігі деп қарастыру, мектептер медреселер ашу данын қабылдау және шаруаларда жет жерге қоныстандыруды тоқтату талаптары қойылды.

Бірақ, бұл талаптар, Әлихан Бөкейхановтың кадет партиясының орталық комитетінің құрамында болуына қарамастан, кадет партиясының басшылығынан қолдау таппады. Құғындау мен тұтқындаулар қазақ патриоттарына өздерінің саяси партиясын құруға мүмкіншілік бермеді, бірақ саяси күрес екі бағытта жалғаса берді. Қазақ депутаттары Мемлекеттік Дума мінбесін белсенді түрде қолдана бастады, қазақтың саяси баспасөзі пайда болды.

2. Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. 1905-1907 жж. Орыс революциясының Қазақстанға әсері: XIX ғасырдың соңында Ресей капиталистері Қазақстанда өнеркәсіп өндірісін ұйымдастырып өздерінің капиталын әкеле бастады. Қазақстандағы шикізат, арзан жұмысшы күші өнеркәсіпті дамытуға қолайлы болды.

Кен өндірісі Қазақстанда дами бастаған өнеркәсіптің маңызды саласы болды. 1896 жылы бір ғана Қарқаралы уезінде 70-ке жуық шағын мыс өндіретін, 170 күміс-қорғасын, 3 темір, 2 күміс-никель, 4 мырыш руднигі, Атбасар уезінде 15 жерден мыс, күміс, қорғасын рудниктері ашылды. Бірнеше жерден таскөмір кені ашылды. Кәсіпорындарын пайдалану үшін акционерлік қоғам, әріптестік компаниялар орнады.

Өнеркәсіптің келесі саласы балық кәсіпшілігі. Балық өнеркәсібі Каспий мен Жайық өзенінің маңына топтасты. Каспийдің жағасында 150-ден астам балық аулайтын кәсіпшілік болды. Балқаш, Іле, Зайсан, Арал теңізі, Сырдария өзенінен балық ауланды.

Өнеркәсіптің келесі саласы тұз өндіру. Көл, өзендерден тұз өндірілді. Өнеркәсіптің дамуы жол қатынасын жолға қорды талап етті. Жайық, Ертіс, Іле өзендерінде кеме қатынасы дамыды. 1876 жылы Саратовты Орынбормен жалғастырған темір жол іске қосылды. Ұсырдың ақырында Орынбор-Ташкент темір жолы салынып Қазақстан Ресейдің Орталық бөлігімен байланысты.

Өнеркәсіптің дамуына байланысты жұмысшы табы сан жағынан өсті. 1900 жылы Қазақстанда 11 мыңнан астам жұмысшы, оның 60% қазақтар болды. Жұмысшылардың жағдайы ауыр, жалақы аз, жұмыс 14-16 сағатқа созылды, жұмысшылар жер тамда тұрды. Алғашқы жұмысшы қозғалысы арыздану, қашып кету, стачка сияқты формада жүрілді.

Қазақстанда жұмысшы қозғалысының өрлеуі, социал-демократиялық үйірмелер мен топтардың пайда болуы жер аударылған орыс революционерлерінің көмегімен және инициативасымен болды. Мысалы, Петропавловск қаласында 1903 жылы пайда болған социал-демократиялық топ осында жер аударылған бірнеше социал-демократтар - Омбы теміржол шеберханаларының жұмысшылары - күшімен құрылды.

Алғашқы социал-демократиялық үйірмелердің бірі 1902 жылы Орал қаласында “Уралец” газеті баспаханасының жұмысшылары мен қызметкерлері арасында құрылды. Баспахана жұмысшылары бірінші рет бір күндік ереуіл өткізді. Баспаханадағы жұмысшы үйірмесіне басқа, Орал қаласында интеллигенция өкілдерінен тұратын социал-демократиялық үйірме болды, үйірме мүшелері теміржол жұмысшылары, диірмен жұмысшылары, орта оқу орындары оқушылары арасында жұмыс жүргізіп, жалпы-білім және саяси тақырыптарында лекциялар оқыды.

Осы жылдарда Ташкент қаласында алғашқы марксистік үйірме пайда болды, кейінірек осы үйірме негізінде социал-демократиялық топ құрылды.

Бірінші орыс революциясының басталуымен Қазақстанның өндіріс орындарында да толқулар жиіледі. Ең ірі ереуіл 1905 жылы желтоқсанда Успенск мыс руднигінде болды, мұндағы жұмыс істейтін 300 жұмысшының 265-ін қазақтар құрады. Ереуілдің басталуына рудник иелері ағылшындардың жұмысшыларға “мейірімсіз және сорақы қатынастары” себеп болды. Ереуіл 9-желтоқсанда басталып, жұмысшылар “Орыс-қырғыз одағын” құрды және рудник иелерін өздерінің алға қойған біраз шарттарын қабылдаттыруға мәжбүр етті.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында ереуілдер теміржол жұмысшыларының арасында да - Сібір темір жолында және Орынбор-Ташкент темір жолы құрылысында болып өтті. Сан жағынан өте үлкен ереуіл Мұғалжар стансасы жұмысшылары арасында болды, мұнда ереуілге 800 адам қатысты.

Жұмысшы қозғалыстары, негізінен, Қазақстанның өндіріс орталықтары мен теміржол стансаларын қамтыды. Мысалы, 1905-1907 жылдардағы ереуілдер мен демонстрациялары Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Петропавлда, Перовскіде және т.б. жерлерде болды.

1909-1910 жылдарда жұмысшылар ереуілдері Қарағанды өндіріс орындары мен Орталық Қазақстан мыс рудниктерінде, Өскемен уезінің алтын өндіру орындары мен

рудниктерінде болып өтті. Өскемен уезінің “Николай” алтын өндіру кенішінің жұмысшылары екі ай бойы ереуілдеп, олар кәсіпкерлердің еңбекке ақы төлеу тәртіптеріне және жарық беру ақысын жұмысшылар мойнына ілуіне қарсы шықты.

Жұмысшы табының жаппай революциялық толқулары 1912 жылдың көктемінде Ленск алтын өндіру кенішінде жұмысшыларды атқылауға байланысты күшейе түсті. Қазақстанда Риддер жұмысшылар, Екібастұз шахтерлері, Омбыда Раундруптың шойын балқыту зауытының жұмысшылары ереуілге шықты. 12 майда Спасск мыс қорыту зауытының жұмысшылары ереуілге шықты. 7 июльде Ембі мұнай өндіру кендерінде жұмысшылардың ірі ереуілі болып өтті. Қазақстандағы жұмысшы қозғалысы Ресейдің орталық аудандарымен салыстырғанда әлсіздеу болды. Социалистік идеялар көшпелі қауыммен тығыз байланысты қазақ жұмысшылары арасында кеңірек тарамдады. *Қазақстан территориясында жұмыс атқарған кішкене топтар мен социал-демократиялық үйірмелердің орталық басшылығы болмады және олар көбінесе жеке-дара жұмыс жасады.*

1905 жылғы революция жеңіліске ұшырап революцияның алдында тұрған мақсаты - патша үкіметін құлату мақсаты жүзеге аспады. Сондықтан Ресейде екінші революция жасау қажет болды. Бұл революция 1917 жылы ақпан айында жасалды. Бұл революция да алдыңғы революция сияқты буржуазиялық-демократиялық сипатта болды, революцияны буржуазия бастады, қозғаушы күші жұмысшылар, мақсаты патша үкіметін құлату.

Революция жеңіске жетті. Патша тақтан түсті. Ресейде қос үкімет орнады. Уақытша үкімет деп аталатын үкімет буржуазияның диктатурасы. Сонымен қатар Кеңес үкіметі орнады. Ресейдің орталығында, барлық облыстарда, уездерде, қалаларда қос үкімет орнады. Революцияны буржуазия бастап жұмысшылар оның қозғаушы күші болғандықтан революцияның нәтижесін бұл екі тап бөлісіп, осы себептен қос үкімет орнады.

Революцияның нәтижесін революцияға қатысқан партиялар түрліше бағалады. Буржуазия партиясы -кадет революция аяқталды, Ресей капитализм жолына түсіп дамиды деп есептеді. Революцияға қатысқан екінші партия-социал-демократтар /кейін большевиктер, коммунистер/ революция аяқталған жоқ, біз жарты жолға тоқтамаймыз, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластырамыз деп есептеді. Осы мақсатпен олар «үкімет билігі кеңестерге» деген ұран көтерді. Мұның мәні барлық жерде кеңес үкіметін нығайту арқылы Уақытша үкіметті құлатып, билікті Кеңес үкіметіне өткеру арқылы социалистік революцияны жеңіске жеткізу еді. Коммунистердің бұл үміті іске аспады, сондықтан олар шілде айынан бастап, қарулы көтеріліске дайындалды.

Ақпан революциясы Қазақстанға да әсер етті. Патша тақтан құлап қазақ халқы тәуелсіздікке қол жеткіземіз деп үміттенді. Қазақстанның барлық жерлерінде қос үкімет орнады.

Ресейде социалистік революцияны бейбіт жолмен, яғни барлық жерлерде Кеңес үкіметін нығайтып, уақытша үкіметті құлату арқылы жеңіске жеткізбекші болған коммунистердің үміті аяқталмаған соң олар қарулы көтеріліске дайындалды. Қарулы көтерілістің уақыты жетті деп есептеген коммунистер жұмысшыларды қаруландырып 1917 жылы қазан айының ақырында қарулы көтерілісті бастап Уақытша үкіметті тұтқындады. Ресейдің барлық жерлерінде Уақытша үкімет құлады. Петербургте Ленин бастаған Кеңес үкіметі билік басына келді. Жергілікті жерлерде де осылай болды. Кеңес дәуірінде қазан оқиғасының маңызын өте жоғары бағалады. Қазан оқиғасы Ресейді социализм жолына түсірді, дүние жүзі халықтарына капитализмнен социализмге өтетін жаңа дәуір ашқан өлі Қазан революциясы деген қорытынды жасалды.

Ал шын мәнісінде қазан оқиғасы революциялық сипатта емес, табиғи заңдылық негізінде үкімет басына келген буржуазияның үкіметін құлатып үкімет билігін коммунистер тартып алды. Ресейді табиғи даму жолынан тайдырып социализм жолына

түсірді. Сондықтан қазан оқиғасын ғалымдар бүгінгі таңда мемлекеттік төңкеріс деп сипаттайды.

Қазан төңкерісі Қазақстанға да әсер етті. Қазақстанның барлық жерлерінде уақытша үкімет құлап кеңес үкіметі орнап жатты. Қазан төңкерісінің нәтижесінде Қазақстан социализм жолына түсті деп есептелді. Бірақ Қазақстанда орнаған социализм халыққа оң нәтижесін бермеді.

3. Шілдедегі жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім. 1917 жылы шілде айында Орынбор қаласында өткен бүкілқазақтық I съезден Алаш партиясы құрылды, ал 1917 жылы желтоқсанда Алашорда атты үкімет құрылды. Міне осы екі оқиғаны біріктіріп Алаш қозғалысы деп атаймыз.

Саяси партия құрылуының алғышарттары 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін қалыптасты. Ақпан революциясын қазақтар түсіністікпен қарсы алды. Революция қазақтарға қан-төгіссіз патша үкіметінің қанауынан азаттық әкелді, өзін-өзі басқарсақ деген үмітін алға қойды. А. Байтұрсынұлы сол кездегі саяси жағдай туралы былай деп көрсетеді: *«Қазақтар Февраль революциясын...тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол біріншіден, бұл төңкерістің оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлық-зомбылығынан құтқарғандығында және екіншіден, оларды өзімізді-өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түскендігінде еді»*. Ақпан революциясынан кейін қоғамдық-саяси өмірде кейбір демократиялық негіздерді басшылыққа алатынын жарияланды. Соғыстан майдангерлер орала бастады. Даланың түпкір-түпкіріне қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын жаныштауға жіберілген жазалау отрядтары кері қайтарылды. Осындай жағдайда ұлттық элита саяси партия құру туралы шешімін қабылдады.

Алаш зиялылары партия құру әрекетін бірінші орыс революция кезінде қолға алу қажеттілігін ойлады.

1905-1907 ж.ж. бірінші орыс революция, бірінші дүниежүзілік соғыс, Ақпан және Қазан төңкерістері сияқты ірі тарихи бетбұрыстар қазақ халқының қоғамдық-саяси сананың оянуына қуат берді. Қазақстанның барлық өңірлерінде - Омбы, Орынбор, Орал, Семей, Ташкент, Петропавлда социал-демократтық ұйымдар пайда болды. Бұл ұйымдар жергілікті халықты саяси өмірге тартылуын тездетті. Осы кезде революциялық қозғалысқа қатысқандарды полиция аяусыз жазалап, оларды жер аударылып, каторгаға айдады, абақтыға жапты. Олардың арасында қазақ халқының көрнекті өкілдері болды. Мысалы, Ә.Бөкейханның қызметі Ресей империясының полициясының бақылауына сонау 1897 жылынан бастап алынған. Дала генерал-губернаторының арнайы қаулысы бойынша революция кезеңінде пайда болған демократиялық бағыттағы мерзімді басылымдар мен әдебиеттерді таратуға қатаң тиым салынды. Алайда, шапшаң қозғалатын икемді, сөзшең дала тұрғындары жаңа уақыт ағымы үрдістері туралы жан-жаққа хабарларды тез таратты, әсіресе Бірінші орыс революциясына қатысты. Бұл туралы Ә.Бөкейхан былай деп жазды: *«Қазақтардың шапшаң қозғалатындығының арқасында манифест қысқа мерзім ішінде күллі далаға тарап үлгерді. Барлық жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды, манифесті оқыды, түсініктемелер жасады. Мемлекеттік думаға болашақта сайлау жүргізу мәселелерін талқылады. Ең алыс болыстардан қазақтар қыр қалаларына топ-тобымен аттанды, онда азаматтар өткізіп жатқан қала митингілеріне қатысты. Орыс, татар, өзбек пен қазақтар туысқан бір отбасына тоғысты»*.

1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында бес облыстан келген қазақ халқы делегаттарының съезі өтті. Ондағы мақсат кадеттер үлгісімен қазақтың саяси партиясын құру еді. Ол партия 1905 жылы 17 қазандағы II Николай жариялаған Манифест бойынша қазақ халқының ұлттың мүдделерін қорғауға тиісті болатын.

1906 жылы ақпан айында Семей қаласында қазақтардың кезекті II съезі шақырылды. Осы жылы мамыр айында кадет партиясының қырғыз бюросы құрылды. Онда қабылданған негізгі бағдарламаға маңызды толықтырулар енгізіліп, жергілікті халықтың өткір проблемалары талап етілді: қоныс аудару саясатын тоқтату, Дала өлкесінің жерлерін

жергілікті халықтың меншігі деп құқықтық мәртебесін беру, қазақ балалары үшін ұлттық мектептер ашу, т.б.

Ресейде Мемлекеттік Думаға сайлаудың басталуы, бірінші орыс революцияның жеңілуі, патшаның саяси әрекеті кадеттік үлгідегі жалпыұлттық қазақ партиясын құруға кедергі келтірген болатын. Осы кезде партияның сенімді әлеуметтік тірегі мен қазақ тілінде шығарылатын баспасөз органы да болмады.

Далалықтардың саяси сана-сезімінің деңгейі әлі төмен болды. Партияның мақсаттары мен міндеттері халыққа түсінікті болу үшін жетпеді. Бірінші орыс революциясы қатандықпен басып тасталғаннан кейін патша үкіметі елде қуғын-сүргін шараларын жүзеге асыруға кірісті. Бірінші сайлау бұратана ұлттар үшін әділетсіз және қатаң жағдайда өтті. Патша үкіметі қазақ халқының өкілдерін билік органдарына барынша жолатпауға тырысты: Мемлекеттік Думаға сайлау заңына өзгерістер енгізіліп, патша үкіметі саясатын жақтайтын өкілдері үшін пайдасына шешілді. Мұның өзі қазақтардың арасында бұрқ ете ұалған наразылық пен ашу-ыза тудырды. Жергілікті халық өздерінің өкілдерін Ресейдің Мемлекеттік Думасына қатыстыруды батыл талап етті. Өлкенің бүкіл аймағын түгел қамтып өткен демократиялық үдерістер толқыны қазақтардың петициялық қозғалыс елеулі түрде күшейтті. Патша үкіметі халықтың талабына құлақ асуға мүжбүр болды.

1906-1907 жылдары алаш зиялыларының саяси белсенділігі арқасында қазақтар Ресей Мемлекеттік Думасына қатысатын болып шықты. Газет шығаруға әрекеттер жасалады. Орыс либералды-демократиялық баспасөз беттерінде қазақ зиялыларының мақалалары жиі жарияланып тұрды.

1907 жылы 3 маусымдағы реакцияшыл сайлау заңы бойынша қазақтар сайлау құқығынан айырылды. Қазақтарға Мемлекеттік Думаға өз өкілдерін сайлауға рұқсат етілмеді. Сондықтан бұл жағдайда Ә.Бөкейхан бастамасымен Алаш басшылары мұсылман, кадет фракцияларымен келісімдер жасауа кірісті.

1916 жылы Ә.Бөкейхан Төртінші Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының құрамына кіреді, артынша жас заңгер М.Шоқай да фракцияның хатшысы болып орналасады. Алаш қайраткерлінің қызметі ең жоғары заң шығарушы орган мінбесінен халықтың құқықтарын қорғауға, ең алдымен шиеленіскен жер мәселесін шешуге мүмкіндіктерін берді.

Алаш элитасы билік жағынан қуғынға ұшырап, түрмелерге жабылды, айдауларға жіберілді. 1913 жылы «Қазақ» газетінде Алаш қозғалысының белсенді идеологы М.Дулатов: *«1905 жылдан бастап біздің халық басқа халықтар сияқты дербестігін, ұлттық тұтастығын ойлай бастады. Бостандыққа ұмтылған сол жылдары Семей облысының басшылығы халыққа жол көрсетушілерді құдалап, олардың біразы қамауға алынып, түрмеге жабылды, басқалары Сібірге айдалды. Қалғанының беделі түсіп, халықтың сенімінен айырылды»*, - деп жазды.

Бұл дағдарыс қабілетсіз өкіметке үлкен наразылығын туғызып, 1917 жылы Ақпан революциясына ұласты. Петроград жұмысшылары мен солдаттарының өкіметке қарсы ұйымдастырылған жаппай қарулы көтерілістері жеңіспен аяқталды. Патша өкіметі құлатылғаннан кейін Уақытша өкімет Ресейдегі бүкіл заң шығарушы мен атқарушы билікті қолына алды. Ақпан революциясының жеңісін ұлттық демократия өкілдері отаршылдық езгіден құтылатын сәт туды деп қуанышпен қарсы алды.

Жаңа өкіметтің басқару әдістері мен саяси бағыты революцияға дейінгі патша өкіметінің саясатын жалғастырды. Уақытша өкімет жергілікті халықтың жағдайын өзгертпеді. Дегенменде, Уақытша өкімет біраз оң шараларды жүзеге асырды: тыл жұмысына алғандарды елге қайтару, қазақтар қатарынан облыстық комиссарларды тағайындау; Қазақстанға жіберілген жазалау отрядтарды шақыртты. Ұлт зиялыларының саяси белсенділігінің арта түсуіне облыстық съездері үлкен әсер етті. Осындай жағдайда 1917 жылы 2-8 сәуірде Орынборда жаңа қазақ съезі шақырылды. Съезде Бүкілқазақтардың съезін ұйымдастыруға шешім қабылданды. Бұл съездер азаттық жолында жер мәселесін, діни, мәдени, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және қазақ қоғамының басқа да

проблемаларды шешу үшін идеялық және саяси-ұйымдастарушылық маңызы зор болды. Алаш қозғалысының жетекшілері жалпыұлттық мүдде үшін күресінде әскери-казак отаршылдығы мен шаруалар қоныс аудару кезеңінде Қазақстан аумағына келген басқа да этностардың құқықтарының теңдігін қорғады. Алаш зиялылары жалпыұлттық бірлік пен келісімді сақтау және нығайтуда біріктіруші күшке айналды.

Қазақ халқының мүддесін қорғауда Алаш көшбасшылары белсенді саяси күрес арқылы бейбіт жолын таңдады. Ә.Бөкейхан қолға қару алып көтеріліс жасаудың халық үшін тек зиян келтіреді деген оймен жүйелі реформалар арқылы мақсаттарына жетуді ойлады.

Бұл жол Алаш идеясының ұлттың мүддесін қорғауда қазақ халқының жаршысына айналған «Қазақ» газетін өмірге әкелді. Газет 1913-1918 жылдары шығып тұрды. Ұлттық зиялы қауым «Қазақ» газеті шығуымен біртұтас саяси күшке айналды. Алаш зиялыларының орталығы ретінде «Қазақ» газеті ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру идеясын барлық өңірлерге таралып, халықтың ұлттық сана-сезімінің оянуына ұйтқы болған. Газет өз Отанына адал берілген алдыңғы қатарлы азаматтарын тәрбиелеп шығарды. Олар азаматтық текетіресте Алаш партиясы мен Алаш-Орда үкіметінің жағында күресіп, ұлт мүддесі үшін жандарын қиды.

Кадет партиясы қазақ автономиясын құруға қарсы болғандықтан, халықтың үміті ақталмады. Бұл 1917 жылы Бөкейханның кадет партиясынан шығуына алып келді. Қазақ ұлттық элитасы ұлттық партиясын құруға кірісті. 21-28 шілде 1917 жылы Орынборда өткен І жалпықазақ съезінде «Алаш» ұлттық саяси партиясы құрылды. Толық емес деректер бойынша либералды-демократиялық «Алаш» партиясының құрамына 5 мыңға жуық адам тіркелген. Қазақ халқының құқықтары үшін күресте алдыңғы қатарда ұлттық интеллигенциясы тұрды. Қазақ зиялыларының шынайы демократиялық идеялары өз уақытынан озық еді. «Алаш» партиясы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін шешу үшін бағдарламалық іс-әрекеттерді әзірлеген тұңғыш саяси ұйым болды. Бұл тарихи съезде «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы қабылданып, 1917 жылы 21 қараша күні «Қазақ» газетінде жарияланды. «Алаш» партиясы ең алдымен, ұлттың саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті проблемаларын, ұлттық дәстүрлерді, туған жерін сақтап қалуды мақсат етіп қойды.

Ақпан революциясынан кейін пайда болған Уақытша үкімет Ресейдің бөлінбейтін біртұтастығын сақтауды ашық қолдаса, Қазан төңкерісі ол үкіметті құлатып, Құрылтайшы жиналыс үкімет сайлауымен аяқталды. Большевиктер ұлттар мен ұлыстарға теңдік пен бостандық беру жөніндегі уәдесі ұлттық аймақтардағы халықтарға Кеңес өкіметі жағына өтуге өз септігін тигізді. 1917 жылы Ресей империясының құрамында болған Польша мен Финляндияның тәуелсіздігі мен бейтараптығын жариялады. Бұл саяси айла-әрекетке барудың себептері де болды. Польша мен Финляндияда большевиктер өздерінің ұлттық үкіметтерін қолдап отырған жергілікті халықтан ұйымдасқан қарсыластыққа тап болды. Ол мемлекеттер өз кезегінде еуропалық державалар тарапынан да көмек алды. Большевиктердің билікке келуі және басталып кеткен азамат соғысы Қызыл Армияны бұл мемлекеттерге ашық басып кіруден тоқтатты.

«Алаш» партиясының негізгі бағдарламалық ұстанымдары. Алаш қозғалысының жетекшілері ұлттық және мемлекеттік құрылыстың негізгі тұжырымдамаларын әзірледі. Партия бағдарламасының негізгі демократиялық құндылықтары: тұлға және сөз еріктігі, тең құқықтық, мемлекеттік биліктің зайырлы болуы міндеттерін шешуді көздеді.

«Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмарұлы, Е.Тормұхамедұлы, Ғ.Жөндібайұлы, Ғ.Бірімжанов және тағы басқа Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері әзірледі.

Бағдарлама жобасы 10 тараудан тұрды: мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін ісі, билік һәм сот, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі.

Алаш партиясының бағдарламасында социал-демократтық идеялар нақты көрінс тапты. Бағдарламада тегін білім беру және медициналық қызмет көрсету; демократиялық сайлау, соның ішінде әйелдердің тең құқықтығы жарияланып, халықтық милиция және әкімшілік мекемелер құру мәселелері жоспарланды.

Алаш қайраткерлері әзірлеген партия бағдарламасы мемлекеттің құқықтық негізгі құжаты ретінде халықтың қолдауын тапты. Алаш идеяларының өзектілігін бұдан әрі 1936 жылғы ҚазКСР Конституциясы және тәуелсіз Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы ресми құжаттарымен жанама дәлелдеді.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

1.Қазақ зиялыларының саяси, мәдени-ағартушылық қызметін зерттеудегі жаңа ұстанымдар туралы тұжырымдаңыз

Орта деңгей:

1.Уақытша үкімет органдарындағы ұлттық интеллигенция өкілдерінің қызметі туралы сипаттаңыз

Жеңіл деңгей:

1.Революциялық өзгерістерге байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері туралы баяндаңыз

БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері

1.Орыс географиялық қоғамының бөлімдері мен бөлімшелерінің (Орынбор, Семей, Түркістан бөлімдері) қызметінің маңызы.

2. Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімді басылымдар. «Қазақ», «Вақыт», «Шуро», «Ақмулла» газеттерінің, «Айқап» журналының қазақ халқының ұлттық болмысын қалыптастырудағы рөлі.

3.А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және бүкілресейлік мұсылман қозғалысы.

4.ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениетіндегі ағартушылық және реформаторлық бағыт.

5.Мәшһүр-Жүсіп Көпеев және оның қазақ фольклоры мен шежіресін жинақтауға қосқан үлесі.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.

2.Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.

3.Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.

4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап ХІІІ ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. ХІІІ-ХVІІІ ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

7.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. -

- Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

1. Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
3. Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., Жылгелдинов М.Т. Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған ; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz

